



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

үнілсек, қазақ елінің азаттығы үшін арпалысқан ұлы тұлғалардың бар арман-мақсаты – Ұлттық мемлекеттігімізді қайта құру болғанын көреміз.

Қорытындылай келе, қазақ әдебиетінің жан-жақты дамып, барлық жанрларда қарыштап өскен, ұлттың рухани сұранысына жауап берген бай-бағылан дәуірін тудырған XX ғасыр қаламгерлері, Алаш азаматтарының ғұмыры, тағдыры, шығармалары, ерен еңбектері туралы сыр шертілген өлеңдер елдік қасиеттерге күш дарытуымен құнды. Ол Алаш баласына елдік, тәуелсіздік пен егемендігіміздің қаншалықты қиындықтармен келгендігін түсінуіне ой түйгізетіні ақиқат [10, 73-78].

Алаш қозғалысын зерттеу – қазақтың азаматтық әрі рухани тарихындағы ірі құбылыс. Ұлттық идеяның қайнар көзі – Алаш қайраткерлері мұраларын жинастыру, жүйелеу, жариялау бағытында ғылыми зерттеу жүргізу уақыт талабынан туындап отырғандықтан өзекті. Алаш қайраткерлері ұлт азаттығы, қазақ елінің бостандығы жолында қаламды қару етті. Өздерінің от жалынды шығармалары арқылы ұлт рухын тірілте ете білді.

Қолданылған әдебиет

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
3. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 162 б.
4. Орманбетұлы Н. Кер заман: Өлеңдер. – Алматы: «Алаш», 2004. – 320 б.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде // Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Семей. 2008. – 225б.
6. Қараш Ғ. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
7. Сыдықов Е. Шәкәрім және Алашорда: Ғылыми жинақ. – Алматы: Раритет, 2008. – 184-б., 8-б. сурет. – «Шәкәрім әлемі» сериясы.

ОӘК 842.632.452

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Дүйсенғазин Дулат Мақсұтұлы

kafedra_pkyaz@enu.kz

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы, Астана, Қазақстан

Адамзат баласына тән құндылықтар – олардың ұлттық ерекшелігіне, жеріне, еліне, т.б. қатысты меншіктік сипатқа ие. Ал солардың ішіндегі қандайда бір шекарамен шектелмейтін екі үлкен нәрсе бар. Ол ғылым мен өнер. Екеуі екі жақтап адамға қызмет етері сөзсіз. Алайда екеуінің де ауқымы кең құбылыстар. Және бір-бірімен сабақтас дүниелер. Тіпті екеуін бір-бірімен жапсарлас, бірінен- бірін ажыратуға келмейтін құбылыс деп тануға болады. Мәселен адамның интеллектуалды қуатынан туған ғылыми жаңалықты өнер деп танысақ, өнер ол – ғылым. Міне, осы жағынан келгенде ғылым мен өнер бірінен- бірін ажыратуға келмейтін құбылыс. Ал екеуінің қай-қайсысы болмасын тілден тысқары емес. Солардың ішіндегі тілге жақыны, сөзге қатыстысы шешендік өнер. Шешендік – әр ұлтқа, халыққа тән бекзат өнер. Бұл жағынан келгенде әр ұлт өзінше шешен.

Қазақ шешендік өнерінің тарихына көз жіберсек, шешендік өнердің дамуында осы үш элементтің шешуші рөл атқарғанын көреміз. Халықтық мәселелерді талқылаған әрбір халық жиналысы, әр түрлі дау – дамайларды шешуге арналған билер кеңесі, жақсы мен жаманды айыратын айтыс өнері белгілі бір тақырыптардың төңірегінде келісілген орын мен уақытта өткізіліп отырған; сөйлеушілер тақырыптан ауытқымай, туындаған мәселелердің айналасында ортақ мазмұнды өрбітіп, басты – басты ойларды шешуге ат салысқан; жиынға қатысушы немесе тыңдаушы көпшіліктің ақыл – ойына әсер етіп, түрткі болатындай, парасатқа жетелейтін қуатты да көркем, әсерлі де айқын, халыққа түсінікті тілмен сөйлеуді

мақсат еткен .

М.Балақаев айтқандай «Шешендік – дарындылық. Ол – тілі ғана емес, ойы да жүйрік кісілерге, тілдік сезімі күшті адамдарға тән қасиет. Ондай қабілеті бар адам, басқа өнерді үйреніп білетіндей, тіл өнерінде оқып, үйреніп, ізденіп жүріп игереді», - дейді. Жинақтай айтқанда, қазақтың дәстүрлі шешендігі көп көріп – білуді, білгенді көкейге берік токуды, айтыс – тартыстарға түсіп, жалықпай жаттығуды тілейтін өнер ретінде қалыптасқан. Демек, нығыз шешенге сөзге шебер болу ғана жеткіліксіз. Сондай – ақ ол табанды, тауып айтатын тапқыр, шаршы топта тайсалмай сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын салқын қанды болуы шарт.

Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұхар жырау:

Көш бастау қиын емес,-

Қонатын жерде су бар.

Қол бастау қиын емес,-

Шабатын жерде жау бар.

Шаршы топта сөз бастау қиын,-

Шешімін адам таппас дау бар! - деген. Сонау дәуірлерден бастап қазақтың шешендік дәстүріне бойлай қарасақ, шешен кісі өз заманының озат ойшылы, оқымаса да көкейге тоқығаны көп саналы, білімді, парасатты азамат болуы тиістілігіне анық көз жетеді. Мәселен, қазақтың атақты билері Майқы мен Аяз билер, Асанқайғы мен Жиренше шешендер, Төле би, Әйтеке би, Қаздауысты Қазыбектер, Жәнібек пен Сырым батырлар – көзі қазы, көңілі таразы дүлдүл шешендер. Демек, шешендік сөздерді қай уақытта да озат ойшылдар мен ділмар шешендер шығарып, халық санынан, ғасыр шыңдауынан өткен, сөз өнерімен соғылған әдеби мұра, асыл қазына деп түсінеміз. Олардан жеткен мұраны Мұхтар Әуезов: «Ауызша әдебиеттің ішінде елдің белгілі ұғымын білдіретін, жалған дүниеге көзқарасын сездіріп, өткенді қалай түсінуін көрсететін сөздің барлығы да бір-ақ адамға тиісті емес, жалпақ елдің сыбағасына тиетін өнер туындысы» [1], - деп бағалаған.

Шешендік сөздер қашан да халықтың қажетті мұрасы болып табылған. Басқа әдебиеттің түрлері сияқты, шешендік сөздер халық өмірінің айнасы, кешегісі мен бүгінгісі. Сонымен бірге олар - тәрбие құралы. Сондықтан оны қазақ халқының рухани және тарихи тіршілігімен бірге жасасып келе жатқан рухани-қоғамдық елеулі құбылыстың бірі деуге болады. Олай дейтініміз - халықтың өткен заманда басынан кешкен өмірі, жақсысы мен жаманы, ерлігі мен елдігі туралы арманы осы шешендік сөздерде көрініп отырады. Қазақ халқы қандай ауыр жағдайда өмір сүрмесін, өзінің сүйікті би-шешендерінің сөзін жадында сақтап, жаттап айта жүруді, одан үлгі-өнеге алуды тоқтатқан емес.

Қазақ ССР тарихында шешендік сөздер туралы: «Ауыз әдебиетінде нақыл сөздер - мақал-мәтелдерге жақын тұратын афоризмдер көп болады. Бұларды нақыл сөздер немесе шешендік сөздер дейді. Шешендіктің үлгісі - халық данасы Жиренше мен оның жұбайы Қарашаштың өткір сөздері» [2,226-б].

Кеңес дәуірінде қазақтың шешендік сөздерінің даму тарихы мен оған байланысты ғылыми ой-пікір сайысын көп жағдайда тежеп отырды. Шешендік, билік сөздерді ескіліктің сарқыншағы деген кертартпа пікірлер де болды. Шын мәнінде шешендік сөздер халықтың күресін, арманын бейнелейтін құбылыс қана емес, оның құндылығы шындығында бұрынғы ақыл-нақыл иелерінің тапқырлығында деп бағалағаны оңтайлы. Әрине, шешендік сөздердің бастауы әдебиеттің ертедегі нұсқаларында жатыр. 1932 жылы С.Сейфуллин 1917 жылға дейінгі әдебиетті екі кезеңге бөледі: «1) билер дәуірі, 2) орыс патшасына бағынған дәуірі» [3],- деп билердің шығармашылық мұрасын бірінші кезеңге сыйғызуы би-шешендер мұрасына айырықша мән беретіндігін айғақтайды.

Шешендік сөздер қазынасы - ұшан-теңіз бай, сондықтан да әдебиет тарихын зерттеген ғалымдар ішінде шешендер мән шешендік сөздер туралы пікір айтпағандары кемде-кем. Шешендік сөздерді алғашқы, зерттегендердің бірі - Әмина Мәметова. Ол қырқыншы жылдардың ішінде шешендік сөздерді мазмұн мен тақырыбына қарай екі түрге: шешендік толғау және шешендік дау деп бөлген [4,257-б].

Белгілі ғалым Ө. Қоңыратбаев шешендік сөздерді төрт түрге: заңдық, нақылдық, философиялық, сатиралық деп жіктейді [5,61-6]. Жалпы шешендік сөздердің бәрінің де заңдық мәні бар, қазақ сахарасының заңы да, кодексі де осы шешендік сөздер болған. Олай дейтініміз: хандар, билер, халықты басқарып отырған адамдар халықтың тұрмыстық заңын өткір, ұтымды, бұлтартпас тапқыр сөздермен белгілеп отырған.

Шешен атанған адамдар өмір заңдылықтарын, ерлік пен елдікті, оң мен терісті жете меңгеріп, екшелей білген. Осындай шешендік сөздерді алғаш жинап бастырған Ы.Алтынсарин. Ол өзінің «Қырғыз хрестоматиясы» кітабында «Ізбасты», «Байұлы», «Жәнібек батыр», «Жиренше шешендердің» шешендік сөздерін енгізіп, балалардың оқуына ұсынған [6,82-87-88-177-б].

С.Сейфуллин: «Ру басы, би болған адамдар жасынан сол ескіліктен қалған екшенді, қорытынды тәжірибе сөздерін зерттеп, «ескі сөз» білетін адамдардың сөздерін көп тыңдап, соларды жадында тоқитын. Сондай, ескі тұрмыстан қалған тіл, сөз, өнеге мұрасына ие болып, «үлгі», «өнеге», «нақыл», «заң», «ереже» сөздерін әдемілеп айтуға дағдыланып, ысыла беретін»[7,135-б], - дейді. Шынында да осы билердің өнеге сөздері халыққа «осылай етсеңдер, жақсы адам боласыңдар» деп үнемі сілтеме жасайды. Өз заманының шырқын бұзбауға үнемі үгіттеп, шақырып отырған. Билер мен шешендер өз заманында халқының заң болып кеткен ережесінің қорғаушысы болған, халқының шырқы бұзылмауына, күш салып, керекті сөздерді мейлінше ықшамдап, нық жеткізіп отырған. Халқына қамқор болған билер, шешендер сөзін хан да, бай да, батыр да бұзбаған. Кезі келсе, ханның да, батырдың да міндерін бетке айтып, сынға алып, тура жолға сілтеп отыратын билер мен шешендер болған.

Ш. Уәлиханов осы билер жайында: «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген» [8,135] , - деп қорытады.

Соңғы жылдары шешендік сөздер туралы Б. Адамбаевтың біраз еңбектері жарық көрді[9]. Негізінде қазақ шешендік, билік сөздерінің табиғаты ғылыми талдаудан, жан-жақты салаларға бөлініп, тексерілуден өтіп жүр деуге болады. Б. Адамбаев шешендік сөздерді «толғау, арнау, дау» - деп үшке бөледі. Құрылысына қарай термелі және пернелі деп те бөледі. Шартты түрде бұл бөлу дұрыс болғанымен, түріне қарай (жанр) қара сөзбен және өлең түрімен айтылатын шешендік сөздер деп бөлуге де болады.

Шешендік сөздерге тән тағы бір ерекше қасиет: бұларда жұмбақтап айту тәсілі болмайды. Қай шешендік сөзді алсақ та, басты көркемдегіш құрал ретінде шендестіру мен теңеудің тамаша үлгілерін табамыз. Көлем жағынан алып қарағанда да басқа әдебиеттің жанрларынан өзгешелігі: шешендік сөздер тұжырымды, жып-жинақы болып келеді. Олардың мақал-мәтел, нақыл сөздерге айналуының мәні де осында жатыр. Шешендер, билер әрқашан шындықты айтып, аз сөзге көп мағына сыйғызып, халықтың рухани қажетін өтеп отырған. Осы шешендік сөздер туралы Ахмет Байтұрсынұлы: «Ділмар сөз. Бұрынғы даналардан, билерден, шешендерден қалған сөздер ділмар сөз (европаша «афоризм») деп аталады»[10,422-б], - дейді .

Тағы бір ескеретін жай: шешендік өнер ауызша айтылып келгендіктен, оны әрбір әдебиетке жанашыр адам жазып алғанда да бәрі бірдей идеялық жағынан көркем, екшелген сөздер, іріктелген шығармалар деп кесіп айту қиын. Жинап, жазып алған адам бір іріктесе, редакциядан өткенде бір мұқиятталады. Олай болса, шешендік сөздер болып тарап жүрген ел әдебиеті нұсқаларының басылған ауызша айтылып жүргендері екі түрлі болуы да ғажап емес. Сондықтан екеуін салыстырғанда жарық көргендері идеялық та, көркемдік те жағынан жатық, жинақы болып келуі заңды.

Шешендік өнердің басқа өнер түрлерінен бөліп қарап, зерттейтін өзінің даралық тұстары да аз емес. Ертеде қалыптасқан шешендік өнер бүгінгі өнер түрлеріне қалай әсер етеді, сол шешендік дәстүр қазір қалай жалғасын табуда, нендей жаңалықтар қосылған, қазіргі ақын-жазушылар бұл сөздерді қалай пайдаланып жүр деген сияқты мәселелер өзінің жауабын күтуде.

Енді шешендік дәстүр мәселесіне келер болсақ, шешендік дәстүр әдебиеттің даму тарихында жан-жақты байып келген асыл мұра. Дәстүр жалғастығы қай өнерде болмасын үздіксіз болуға тиіс. Сонда ғана дәстүр атаулы жаңғыру, жаңару үстінде дамиды. Өмірдегі, өнердегі дәстүр болсын, қай халықтың да рухани, мәдени өмірімен қатар дамитындығы белгілі. Шешендік дәстүр жалғастығы да осы заңдылықтарға сүйене отырып, жүздеген жылдар бойына қалыптасып, қара халық болсын, хан болсын, бәрінің арасында қолданыс тауып келеді.

Шешендік сөздер бір уақыттың, бір жылдың ғана жемісі емес, керісінше, тамыры әріде жатқан, адамзаттың балаң дәуірінде басталған өнер.

Шешендер бірден өздігінен шешен атанған емес, олар жастайынан өзі өскен орта мен ата-бабаларының асыл қасиеттерінен нәр алып, қуаттанып, межеге жетіп отырған.

Сонымен, шешендік дәстүр дегеніміз ауызша айтып, үйрену, жаттау барысында дамиды. Шешендік дәстүрдегі негізгі ерекшелік - ол өзінен бұрын өмір сүрген ата-бабаларының шығармашылық дәстүріне үнемі қызығып, сондай болсам деген еліктеуден туып отырған.

Себебі шешендік дәстүрдің түп тамырында шындық үстемдік етеді, қиянат пен әділетсіздікті сынайтын немесе жақсыны мадақтайтын ой жатады. Біздің дана ата-бабаларымыз шешендік дәстүрге үнемі мән беріп, олар бала шешенді жастайынан баптап, озық мектептен өткізген. Шешендікке баулудың өзіндік жол-жобасы бар. Жас бала тілі шыққаннан шешен болмайды. Ол өз үйінде немесе туған аулында үлгі алатындай, еліктейтіндей шешендік ортада қалыптасады. Жас баланың өз әкесі, не ағасы, не туысы елден асқан шешен болса, ауыл-ел оны сыйлап, қошеметтейді. Оны көрген бала соған еліктеп, әуестене бастайды. Әуестену, қызығу кезінде шешен-билермен бірге болып, сөздерін тыңдап жаттауға, ретті жерінде қайталап айтуға дағдыланады.

«Ақындық - шешендікке баулитын халықтық мектептің бір ерекшелігі - мұнда діни медреседегідей емес, шәкіртті еркін ұстайды, талапкер жасты әр нәрсеге сын көзбен қарауға, өз ақылымен бағалауға баулиды, дербес ойлауға, еркін сөйлеуге дағдыландырады, «Ұстаның ісі – нұсқа» деп үйретеді» - дейді флорклоршы Б.Адамбаев.

Әрбір шешендік сөз жайдан-жай туған жоқ, ол ерте заманда қазақтың әдет-ғұрып, тіршілігіндегі кейбір қайшылықтардың барысында туып отырған. Бұл халық өнерінің әр түрін қамтып, шешендік өнерге әр беріп отырған. Шешендік өнердің бәрі де халық өнері.

Қазақ әдебиеті тарихында іркілмей сөз шығарып және бұрыннан бар тапқыр сөздерді жаттап, жадында сақтап, керекті орнында пайдалана білетін адамды шешен дейді.

Әдебиет тарихындағы шешендер өмірі мен сөздерінің шығу тарихына көз салып отырсақ, жасаған дәуіріне, шыққан тегіне, өскен ортасына қарай бәрі де шындықты дәріптеп, айтып отырған.

Шешендік сөздерде оқиға желісі болмайды. Мұнда болған іске даналық баға беріледі. Кейбір шешендік сөздерде билер мен шешендер бір-біріне сауал қою арқылы қарсыласының шеберлік дәрежесін сарапқа салады. Мысалы, Ақтайлақ пен Қанай шешен «Ер басында бақыт нешеу, кемдік нешеу, құлазу нешеу?» - деп сұрақ қояды. Ол - бақыт бесеу - атың, әйелің, шешен, әкең, балаң жақсы болса - бақыт. Төрт құлазу - қалың ел көшсе, нарқын танымаған сөз, қатарынан айырылған шал, баласы жаман адам құлазиды. Үш кемдік - аттың жаманы, әйелдің жаманы, баланың жаманы», - деген екен. Мұндай шешендік сөздер көрегендікті, ақылдылықты, қоғамдық өмір тәжірибесімен жинақталған данагөйлікті айшықтайды.

Қазақ арасындағы билер айтысы туралы поляк жазушысы, журналисі А.Янушкевич: «Бұл іс біздің бірнеше күнімізді алды, өйткені айтысқа бір-біріне қарама-қарсы екі партия көтерілді. Осы бір дала Демосфендерінің кейбіреулері мені сөздерінің мазмұндылығымен және жігерлігімен баурап алды. Егер ежелгі Грекияда немесе Римде өмір сүрсе старшын Тоқымбай мен Бейсекенің өздері-ақ лаврдан белдері бүгілген болар еді»[2,14-15-б] - деп қазақ даласындағы шешендік өнердің өркендегенін көзімен көріп, ғажаптанады.

Билік, шешендік сөздеріне, толғауларына қатысты тілдік дәстүрдің де өзіндік

ерекшеліктері бар. Ауызша туып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап жеткендіктен шешендік-билік сөздер негізі ауыз әдебиетіне тән. Ондағы айтылған ой түптің түбінде қазақтың дәстүрлі мақал-мәтеліне айналып кетеді. Шешендік сөздердің қай-қайсысын алсаңыз да сыртқы түрі де, ұйқасы да даналық сөздермен үндесіп жатады. Кейбір сөз қолданыстар көптеген би-шешендер сөздерінде қайталанып, сәйкестендіріліп отырады. Сөз саптау ерекшеліктерінде де ұқсастықтар басым болады.

Біздің ойымызша, шешендердің жеке басына тән мынадай қасиеттер болған. Алдымен, шешен - сөз тапқыш, сезімтал, сонымен қатар, ақындық өнерге де жақын, суырып салмалық қасиеті де қатар жүрген.

Шешендіктің негізгі мақсаты - адамдарды иландыру, айтқысы келген нәрсені нақ айтып, сендіру.

Кез келген халықтың белгілі шешені, биі болу үшін де адам бойында көптеген жақсы қасиеттер тұтасып келуі шарт. Ол үшін халқын, Отанын сүю аз, дүниеге көзқарасы кең, тапқырлық, өткірлік қасиеттері қатар жүруі тиіс. Ел тарихында ізі сайрап жатқан абыздар, шешендер, билер көп-ақ.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, қазақ шешен – билерінің мұрасы – халықтың даналық қазынасы. Шешендік өнер - рухани байлық көзі. Халқымызға тән шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнті етер болсақ, орасан рухани шапағат, парасат сыйлаймыз. Ал рухы зор, рухани бай ұрпақ – еліміздің сенімді келешегі.

Қолданылған әдебиетті

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Қызылорда-Ташкент: 1927
2. Қазақ ССР тарихы. - Алматы: 1957. 226-б.
3. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Қызылорда: 1932.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы: 1948. 257-б.
5. Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы: 1991. 61-б.
6. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары.- Алматы: 1995.
7. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. 6-т. - Алматы: 1985.
8. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы: 1985.
9. Адамбаев Б. Халық даналығы. - Алматы: 1973.
10. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: 1991.
11. Адамбаев Б. Ел аузынан. - Алматы: 1993.

ОӘК 821.512.122

УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІКТІҢ КӨРКЕМ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

(М.Мағауиннің «Әбдіғаппар сері» әңгімесі негізінде)

Ердембек Еркеғали Ерболұлы

erdenbek1996@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті "Филология: қазақ филологиясы"

мамандығының I курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ж.Ә.Аймұхамбет

Қазақтың қазіргі көркем прозасының көрнекті өкілі Мұхтар Мағауиннің әдеби шығармашылығы өте бай, алуан тақырыпты қамтитын сан-салалы екені мәлім. Оның әңгіме-повестері, «Көк мұнар», «Аласапыран», «Жармақ» романдары қай кезде де оқырман тарапынан үлкен қызығушылық тудырып, әдеби ортада да өзінің лайықты бағасын алғанын, әсіресе, қазіргі кездегі жазушыға деген үлкен құрметтен аңғарамыз.

Қаламгердің «Әбдіғаппар сері» әңгімесі 1989 жылы жазылыпты. Бұл әңгіме оның «Доңыз жылғы балалық» цикліне еніп, алдымен, «Жұлдыз» журналында, кейінірек